Тексерілді: [signature]
Әдіскер А.К.Керуенбаева

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
***Жоспардың құрылу кезеңі*** 01-02 қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы

| Апта күні | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Баламен жеке жұмыс | Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы |
|---|---|---|---|
| **Жұма 02.09.2022** «Балдырған» ересек тобы | **Мен және менің балабақшам. «Ә» дыбысы.**<br>**«Шаттық шеңбері»** балалармен бірге Е. Өтетілеуұлының өлеңін айту. «Ізгі сөздер»<br>Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға,<br>«Қайырлы таң!»- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!»- тілеймін.<br>Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін: «Кеш жарық!»- деп кіремін.<br>**"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы.**<br>Педагог: Керемет! Ал сендер үйде, балабақшада осындай ізгі сөздерді қолданасыңдар ма?<br>Ертеңгісін адамдармен қалай амандасамыз?<br>Қане бәріміз бірге қайталайықшы.-«Қайырлы таң!».<br>Тағы қандай әдепті сөз қолданамыз?-«Сәлеметсіз бе!».<br>Күндіз кездескен адамдарға не деп айтуымыз керек?-«Қайырлы күн!».<br>Ал, кешке ше?-«Кеш жарық!»<br>**«Ә» дыбысын өлең жолдарынан анықтау, дұрыс айту.**<br>Әжем бесік тербетіп, Әлди әнін салады. Әй-әй сәби ер жетіп, Әже еңбегі жанады. Өлең жолдарынан Ә әріпінің сөздің басында, ортасындағы орнын табу. Әжем, әкем, әніміз, Әрқашанда сәніміз.Енді білдік әдемі, Ә - әрпінің мәнін біз. Ән, ән, ән, Қалта толы дән.<br>**Дидактикалық ойын. «Буынға буынды қос».**<br>Мақсаты: басталған буынға сызық арқылы буынды қосып, сөз құрастырып айтуды үйрету, ой шапшаңдығын дамыту, зейінділікке тәрбиелеу.Ә-тір, Ә-ди.Ә-ке, ә-теш.<br>**Лексикалық жаттығу. "Менің атым...".** Балалар өз аттарын атайды.<br>**«Жалпы атауын тап» ойыны**<br>Мақсаты: балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында аттардың жалпы атауын | «Жалпы атауын тап» ойыны<br>Мақсаты: балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында аттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып, шешу арқылы тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.<br>Көрнекіліктер: жемістер, ойыншықтар,оқу құралдары, үй жиһаздары. Ойын шарты: тәрбиеші балаларға хатқалтаның ішіне салынған жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары, үй жи- | Ата - анамен тығыз байланыста болу.<br>Ересектермен және құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасаудың негізгі қағидаларын қайталау, дағдыға айналдыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бір сөзбен ойлана отырып, шешу арқылы тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.<br>Көрнекіліктер: жемістер, ойыншықтар,оқу құралдары, үй жиһаздары.<br>Ойын шарты: тәрбиеші балаларға хатқалтаның ішіне салынған жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары, үй жиһаздарының суреттері бар бірнеше сериялы дидактикалық материалдарды таратып береді. Осы материалдарды жалпы атауына сәйкес топтастыру қажет. Өзінің топтағанын айтуы тиіс.<br>Мысалы: алма, өрік, алмұрт жемістерге жатады. Өйткені олар жеміс ағаштары.<br>Шығармашылық жұмыс<br>Педагог ұжымдық жұмыс арқылы балаларға балабақша қызметкерлерінің еңбегімен таныстырып, оларды бағалауға, құрметтеуге үйрету мақсатында «өз үйім – менің бірінші үйім, балабақша – екінші үйім»деген тақырыпта әңгіме жүргізеді.<br>**Сергіту сәті**<br>Балалармен бірге Е. Өтетілеуұлының «Бала, бала, баламыз» өлеңін бірігіп айтып, өлең мазмұнына сәйкес қимыл – қозғалыс жасайды.<br>Бала, бала, баламыз Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз! Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір. Аяққа бір, қолға бір. Міне, «вагон», кіреміз, «Пойызбен»жол жүреміз. «Кемеге» де мінеміз, Толқындарды тілеміз.<br>**Күтілетін нәтиже:** балалар сәлемдесу мен қоштасу ережелері туралы түсінеді, ересектермен және құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасаудың негізгі қағидаларымен танысады; өздері жайлы жалпы мәлімет беруді меңгереді; | һаздарының суреттері бар бірнеше сериялы дидактикалық материалдарды таратып береді. Осы материалдарды жалпы атауына сәйкес топтастыру қажет. Шығармашылық жұмыс | |
| **Жұма 02.09.2022ж.**<br><br>«Балбөбек» ортаңғы тобы | **Менің балабақшам.**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! (Қолдарын жайып, көкке көтереді)<br>Армысың, абзал Адам! (Қолдарын алға созады) Армысың, менің досым!<br>**Ғажайып сәт.** "Кел, танысайық!" Қуыршақ Дананы балалармен таныстыру.<br>"Балабақшамен таныстыру" тақырыбында слайд материалдарын ұсыну.<br>Балабақша ішіне саяхат. "Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы.<br>Қуыршақ Дана. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуен.<br>Балабақшаның, музыка залының, спорт залының демонстрациялық суреттері.<br>**Сергіту сәті:**"Ойыншықтар әні". Сергіту сәтінде «Ойыншықтар» әнінің қимыл-қозғалыстарын келтіріп айтып шығады.<br>**"Нені қайда қоямыз?" дидактикалық ойыны.**<br>*Шарты:* әр баланың алдына ашық тұрған шкафтың суреті мен сырт киімдердің суреттері таратылады. Балалар киімдерді шкафқа дұрыс орналастыруы қажет.<br>**Көркем сөз "Балабақшам".** | "Нені қайда қоямыз?" дидактикалық ойыны.<br>*Шарты:* әр баланың алдына ашық тұрған шкафтың суреті мен сырт киімдердің суреттері<br><br>таратылады. Балалар киімдерді | Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауды үйрету. Қазақ тіліне тән ерекше «Ә» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Достарыммен ойнаймын, Жылауық бала болмаймын. Апайлар бізді күтеді,<br>Қызықты күн өтеді. Сурет салып, мүсіндеп, Ән саламыз, би билеп.<br>Серуендейміз аулада, Көңілді балабақшамда! Өлеңін мәнерлеп оқу, қайталату.<br>Кейіпкермен қоштасу.<br>**«Ә» дыбысын таныстыру, оған байланысты артикуляциялық жаттығулар.**<br>Ә дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Бұны білу үшін бәріміз Ә деп әндетейік.<br>- Қандай дыбыс екен? - Дауысты - Ә – Ауыз мол ашылып, тіл мен иектің төмен түсуінен пайда болатын жіңішк дауысты дыбыстың таңбасы. Көбінесе сөздің бірінші буынында қолданылады<br>- Олай болса ол әріпті дауыстылар қатарына салайық. (Әріптер салған қалтаға салу)<br>**Ойын рефлексиясы. «Өңтаңба» (смайлик).**<br>Шарты: балаларға екі түрлі көңіл- күй бейнеленген ақ түсті өңтаңбалар ұсынылады. Балалар өздері қалаған өңтаңбаны (смайликті) таңдап, оны қалаған түсіне бояйды.<br>**Күтілетін нәтиже:** қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдайды, ерекше «Ә» дыбысын дұрыс айтуға үйренеді. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрін меңгереді. | шкафқа дұрыс орналастыруы қажет. | |

Тексерілді: *Akjny*
Әдіскер А.К.Керуенбаева

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі** 05-09қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы

| Апта күні | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Баламен жеке жұмыс | Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы |
|---|---|---|---|
| Жұма 09.09.2022ж.<br><br>«Балбөбек» ортаңғы тобы | **Менің балабақшам.**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! (Қолдарын жайып, көкке көтереді)<br>Армысың, абзал Адам! (Қолдарын алға созады) Армысың, менің досым!<br>**Ғажайып сәт.** "Кел, танысайық!" Қуыршақ Дананы балалармен таныстыру.<br>"Балабақшамен таныстыру" тақырыбында слайд материалдарын ұсыну.<br>Балабақша ішіне саяхат. "Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы.<br>Қуыршақ Дана. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуен.<br>Балабақшаның, музыка залының, спорт залының демонстрациялық суреттері.<br>**Сергіту сәті:**"Ойыншықтар әні". Сергіту сәтінде «Ойыншықтар» әнінің қимыл-қозғалыстарын келтіріп айтып шығады.<br>**"Нені қайда қоямыз?" дидактикалық ойыны.**<br>Әр баланың алдына ашық тұрған шкафтың суреті мен сырт киімдердің суреттері таратылады Балалар киімдерді шкафқа дұрыс орналастыруы қажет.<br>**Көркем сөз "Балабақшам".**<br>Достарыммен ойнаймын, Жылауық бала болмаймын. Апайлар бізді күтеді,<br>Қызықты күн өтеді. Сурет салып, мүсіндеп, Ән саламыз, би билеп.<br>Серуендейміз аулада, Көңілді балабақшамда! Өлеңін мәнерлеп оқу, қайталату.<br>Кейіпкермен қоштасу.<br>**«Ә» дыбысын таныстыру, оған байланысты артикуляциялық жаттығулар.**<br>Ә дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Бұны білу үшін бәріміз Ә деп әндетейік.<br>- Қандай дыбыс екен? - Дауысты - Ә – Ауыз мол ашылып, тіл мен иектін төмен түсуінен пайда болатын жіңішк дауысты дыбыстың таңбасы. Көбінесе сөздің бірінші буынында қолданылады<br>- Олай болса ол әріпті дауыстылар қатарына салайық. (Әріптер салған қалтаға салу)<br>**Ойын рефлексиясы. «Өңтаңба» (смайлик).**<br>Балаларға екі түрлі көңіл күй бейнеленген ақ түсті өңтаңбалар ұсынылады. Балалар өздері | Көркем сөз "Балабақшам".<br>Достарыммен ойнаймын,<br>Жылауық бала болмаймын.<br>Апайлар бізді күтеді,<br>Қызықты күн өтеді.<br>Сурет салып, мүсіндеп,<br>Ән саламыз, би билеп.<br>Серуендейміз аулада,<br>Көңілді балабақшамда!<br><br>Өлеңін мәнерлеп оқу, қайталату. | Балаларға қазақ тіліне тән ерекше «Ә»дыбысын үйретуге арналған артикуляциялық жаттығуларды қайталауға ата-аналарға кеңес беру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қалаған өңтаңбаны (смайликті) таңдап, оны қалаған түсіне бояйды.<br>**Күтілетін нәтиже:** қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдайды, ерекше «Ә» дыбысын дұрыс айтуға үйренеді. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрін меңгереді. | | |
| **Жұма 09.09.2022ж.** «Балдырған» ересек тобы | **Мен және менің балабақшам. «Ә» дыбысы.**<br>«Шаттық шеңбері» балалармен бірге Е. Өтетілеуұлының өлеңін айту.<br>«Ізгі сөздер» Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, «Қайырлы таң!»- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!»- тілеймін. Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін: «Кеш жарық!»- деп кіремін.<br>**«Ә» дыбысын өлең жолдарынан анықтау, дұрыс айту.**<br>Әжем бесік тербетіп, Әлди әнін салады. Әй-әй сәби ер жетіп, Әже еңбегі жанады. Өлең жолдарынан Ә әріпінің сөздің басында, ортасындағы орнын табу. Әжем, әкем, әніміз, Әрқашанда сәніміз.Енді білдік әдемі, Ә - әрпінің мәнін біз. Ән, ән, ән, Қалта толы дән.<br>**Дидактикалық ойын. «Буынға буынды қос».**<br>Мақсаты: басталған буынға сызық арқылы буынды қосып, сөз құрастырып айтуды үйрету, ой шапшаңдығын дамыту, зейінділікке тәрбиелеу.Ә-тір, Ә-ди.Ә-ке, ә-теш.<br>**Лексикалық жаттығу.** "Менің атым...". Балалар өз аттарын атайды.<br>**«Жалпы атауын тап» ойыны**<br>*Мақсаты:* балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында аттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып, шешу арқылы тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.<br>Көрнекіліктер: жемістер, ойыншықтар,оқу құралдары, үй жиһаздары.<br>*Ойын шарты:* тәрбиеші балаларға хатқалтаның ішіне салынған жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары, үй жиһаздарының суреттері бар бірнеше сериялы дидактикалық материалдарды таратып береді. Осы материалдарды жалпы атауына сәйкес топтастыру қажет. Өзінің топтағанын айтуы тиіс.<br>Мысалы: алма, өрік, алмұрт жемістерге жатады. Өйткені олар жеміс ағаштары.<br>**Шығармашылық жұмыс**<br>Педагог ұжымдық жұмыс арқылы балаларға балабақша қызметкерлерінің еңбегімен таныстырып, оларды бағалауға, құрметтеуге үйрету мақсатында «өз үйім – менің бірінші үйім, балабақша – екінші үйім»деген тақырыпта әңгіме жүргізеді.<br>**Сергіту сәті**<br>Балалармен бірге Е. Өтетілеуұлының «Бала, бала, баламыз» өлеңін бірігіп айтып, өлең мазмұнына сәйкес қимыл – қозғалыс жасайды.<br>Бала, бала, баламыз Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз! Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір. Аяққа бір, қолға бір.<br>Міне, «вагон», кіреміз, «Пойызбен»жол жүреміз. «Кемеге» де мінеміз, Толқындарды тілеміз.<br>**Күтілетін нәтиже:** балалар сәлемдесу мен қоштасу ережелері туралы түсінеді, ересектермен және құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасаудың негізгі қағидаларымен танысады; өздері жайлы жалпы мәлімет беруді меңгереді; | «Жалпы атауын тап» ойыны<br>*Мақсаты:* балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында аттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып, шешу арқылы тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.<br>*Ойын шарты:* тәрбиеші балаларға хатқалтаның ішіне салынған жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары, үй жиһаздарының суреттері бар бірнеше сериялы дидактикалық материалдарды таратып береді. | «Ізгі сөздер» Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, «Қайырлы таң!»- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!»- тілеймін. Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін: «Кеш жарық!»- деп кіремін. (жаттау) |

Тексерілді: [signature]
Әдіскер А.К.Керуенбаева

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі** 19-23қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы

| Апта күні | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Баламен жеке жұмыс | Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы |
|---|---|---|---|
| **Жұма 23.09.2022ж.** «Балбөбек» ортаңғы тобы | **Алтын күз. Сап-сары жапырақтар.**<br>Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!» Жұмбақ жасыру. Қызыл, сары кемелер, Су бетінде қалқиды. Соқса егер салқын жел, Ырғалады, толқиды. Ол не? (Жапырақтар.) - Мынау жапырақтар. Дұрыс таптыңдар, балалар!<br>**Ғажайып сәт.** Сиқырлы әуеннің дыбысы естіледі. Жоғары жақтан алтын жапырақ ұшып түседі.<br>**Суретпен жұмыс.** Күздің суреті ілінеді.<br>**Сөздік жұмыс.**<br>- Егін дегеніміз - бидай, күріш, тары тағы басқа дақылдар.<br>- Алтын күз дегеніміз - даланың бәрі сап-сары түске боялып, ағаштардың жапырақтары мен шөптердің сарғайған кезі<br>**«Сәйкестендір» дидактикалық ойыны.**<br>Алдарында жатқан әртүрлі ағаш жапырақтарының үлкендері мен кішкентай жапырақтарын сәйкестендіру.<br>Балалар ортақ белгілеріне қарап, әртүрлі ағаштың жапырақтарын үлкендері мен кішкентай жапырақтарын сәйкестендіреді.<br>Балалармен жеке жұмыс жүргізіледі.(Сөйлеуге қиналатын балаларға ерекше көңіл бөліп, сөйлеуге ынталандыру керек.)<br>**Сергіту сәті.**<br>Өн бойымды тік ұстап, Таянамын бүйірді.Бастап кетем ДұрыстапСәйгүлікше жүруді.Бір! Екі! Бір! Екі! | «Сәйкестендір» д/о. Алдарында жатқан әртүрлі ағаш жапырақтарының үлкендері мен кішкентай жапырақтарын сәйкестендіру. Балалар ортақ белгілеріне қарап, әртүрлі ағаштың жапырақтарын үлкендері мен кішкентай жапырақтарын сәйкестендіреді. Балалармен жеке жұмыс жүргізіледі. | «Сап-сары жапырақтар» тақпақты жаттау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | (Автор: С. Қалиұлы)Өлең жолдарына сәйкес қимылдарын орындайды. Сергіту сәтін 1-2 рет айтады.<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Бұлт жиналды, жиналды, (алақандарын ашып жұмады) Жаңбыр жерге тамады. (бір қолдың алақанына екінші қолдың саусақтарын жаңбырдың тамшылары сияқты тырс-тырс еткізеді) Күннің көзі ашылды, (саусақтарын жан-жаққа ашады)<br>Жаңбыр лезде басылды. (жұдырықтарын түйіп, үстелге қояды) Балаларға бір-екі рет қайталату.<br>**Көркемсөз. Мұқағали Мақатаев «Сап-сары жапырақтар».**<br>Сап-сары жапырақтар.Сап-сары жапырақтар ...Сап-сары жапырақтар ...<br>Саудырап құлап жатыр атырапқа.Біреудің жанарында,Біреудің табанында,Сап-сары жапырақтар жоғалуда.<br>Жаттату<br>**Алтын жапырақпен қоштасу.**<br>- Балалар, Алтын жапырақ әрі қарай ұшып барады. Алтын жапырақпен қоштасайық. - Сау болыңыз!<br>**«Алуан-алуан жапырақ» атты ойын рефлексиясы.**<br>- Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет ұнаған болса, ағашқа сары жапырақтарды жапсырамыз. Көңіл күйлерің болмай тұрса, ағашқа қызыл жапырақты жапсырамыз.<br>**Күтілетін нәтиже:** сәлемдесуде сыпайылық әдебін сақтайды. Күз мезгілінің ерекшелігін меңгереді. Тақпақты жаттайды. | | |
| **Жұма 23.09.2022ж.** «Балдырған» ересек тобы | **Уақыт. Тәулік бөліктері. Күн тәртібі.**<br>«Кел, сәлемдесейік!» жаттығуы. Таңғажайып сәт. Педагог Дана мен анасын көрсетеді.<br>**Көркемсөз.**Дана көп сөзді ұқпас.Таңертең ерте тұрмас,Конфет жеуден жалықпас,Тамаққа бір қарамас,<br>Түнде ойын ойнайды.Ұйқыға бір жатпайды.(А. Кокенова)<br>Педагог тақпақты мәнерлеп оқиды.Суреттер бөлімін көрсету.Педагог тақпақты оқыған кезде Дананың күн тәртібін сақтамайтын тұстары бейнеленген суреттерді көрсетеді.<br>**Бейнеролик көрсету.**Педагог таңның атуы, күндізге жалғасуы және түнге ауысуы жайлы бейнеролик көрсетеді **Көркемсөз.«Уақыт».**Уақыт тұрмай, жылжидыТоп-топ, топ-топ,Сағат тілімен сырғиды,Тик-так, тик-так. Таңертең, күндіз, кеш, түн. Таңертең, күндіз, кеш, түн.Уақыт тұрмай, жылжиды:Таңертең, күндіз, кеш, түн.<br>Педагог әр суретті кезекпен көрсетеді. Тәулік бөлігін атайды. Тәулік бөліктері бейнеленген төрт суретті-карточкаларды қояды. Педагог балаларға әр сөзді жеке дыбыстап айтуға мүмкіндік береді.<br>**Фонемалық-ырғақты санамақ.«Таңертең, күндіз, кеш, түн».** Уақыт тұрмай, жылжиды | Д/о. «Күн тәртібі». Мақсаты: күн тәртібі мен тәулік бөліктеріндегі іс-әрекеттерді дұрыс сәйкестендіру дағдыларын дамыту.<br>Шарты: суреттердегі тәулік бөліктеріне сәйкес келетін әрекеттер бейнеленген суреттерді | Балалардың ұғымындағы тәулік бөліктері туралы білімдерін, уақыт туралы түсініктерін пысықтау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | (сұқ саусақтарын козғалту, бір орында тұрып адымдау).Топ-топ, топ-топ,Сағат тілімен сырғиды (қол белде, басты оңға және солға еңкейту),<br>Тик-так, тик-так.Таңертең, күндіз, кеш, түн (шапалақтау), Таңертең, күндіз, кеш, түн. Уақыт тұрмай, жылжиды (бір орында айналу):Таңертең, күндіз, кеш, түн.<br>**Іс-әрекеттер бейнеленген суреттер негізінде лексикалық жаттығу.«Күн тәртібін құрау».** Педагогтің күн тәртібіндегі әрекеттерді білдіретін бір немесе бірнеше суретті пайдалануы, балалардың тапсырмаларды орындау кезіндегі белсенділік деңгейіне байланысты болады.<br>**Дидактикалық ойын. «Күн тәртібі».**<br>*Мақсаты:* күн тәртібі мен тәулік бөліктеріндегі іс-әрекеттерді дұрыс сәйкестендіру дағдыларын дамыту.<br>*Шарты:* әр топтың балалары суреттеріндегі тәулік бөліктеріне сәйкес келетін әрекеттер бейнеленген суреттерді жинайды. Балалар күн тәртібі мен тәулік бөліктерінде орындалатын дұрыс әрекеттерді анықтап, оған сай келмейтін әрекетті ажырату керек.Керекті құралдар: бала санына қарай төрт түсті карточка-таңбалауыштар, күн тәртібінде жасалатын әрекеттердің және Дананың күні бойы айналысатын істерінің суреттері.<br>*Барысы.* 1. Педагог үстелдің үстінде түрлі түсті карточкалардың төрт бағанын қояды: сары, жасыл, қызыл, көк.<br>2. Педагог топтың төрт жерінде төрт тақта немесе төрт үстел ұйымдастырады, онда тәулік бөліктері мен күн тәртібінің суреттері бойынша топталып жиналады.<br>3. Ол орындарға Дананың күн тәртібіне сәйкес келмейтін әрекеті бейнеленген бір суреттен орналастырады.<br>4. Бір орынға орналастырады (үстел, кілем, үлкен тақта) балалардың күнделікті өміріндегі күн тәртібі бойынша әрекеттерінің суреттері.<br>**Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу. «Еске сақта».**<br>Педагог:- Балалар, «Уақыт - көшкен керуен» деген мақал бар. Қане, жаттап алайық. Үйлеріне барғанда айтып бересіңдер.<br>**Материалды бекіту және қорытындылау.**<br>**Күтілетін нәтиже:** балалардың ұғымындағы тәулік бөліктері туралы білімдері, уақыт туралы түсініктері қалыптасады, күн тәртібін құру қағидасын түсінеді; «ереже», «күн тәртібі» туралы түсініктерін меңгереді. | жинайды. Күн тәртібі мен тәулік бөліктерінде орындалатын дұрыс әрекеттерді анықтап, оған сай келмейтін әрекетті ажырату керек. | |

Тексерілді: [signature]
Әдіскер А.К.Керуенбаева

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі** 12-16қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы

| Апта күні | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Баламен жеке жұмыс | Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы |
|---|---|---|---|
| **Жұма 16.09.2022ж.** «Балдырған» ересек тобы | **Сәлем- сөздің анасы. «Ә» дыбысы.**<br>Ғажайып сәт. Ксилофонда соло ойнаған әдемі әуеннің дыбысы шығады.<br>Қонакқа Дана куыршақ келеді.<br>«Кел, сәлемдесейік!» жаттығуы. Педагог: - Балалар, бізге қонаққа кім келді? Бұл куыршақ. Куыршақ сендерге: «Сәлеметсіңдер ме!» - дейді. - Балалар, куыршаққа: «Сәлеметсіз бе!» - деп айтайықшы. - Сәлеметсіз бе! - Қане, балалар, тағы қайталап айтайықшы: «Сәлеметсіз бе!» Жарайсыңдар!<br>-Балалар, куыршақ Дана ән айтып бергісі келеді. Тыңдайық.<br>Менің атым - Дана, Тұрып аламын таңда. Куыршақпын кішкентай,<br>Көңілді жүремін, жыламай. Достарым, келіңдерші ортаға. Ұлдар мен қыздар!<br>Шеңберге тез тұрайық, Көңілді ойын ойнайық!<br>Педагог балалармен жеке әңгімелесу, карым-қатынаска түсу.<br>**«Менің атым кім?» сөздік жаттығуы.**<br>Дана өзінің атын айтты. Біз де өзіміздің атымызды айтайық. Дана «Сенің атың кім?» деп сұрайды, ал балалар жауап береді. Кейіпкермен қоштасу.<br>**«Біз қадам басамыз, біз үлкен боп өсеміз» сергіту сәті.**<br>Орташа темптегі ритмикалық әуеннің аудиожазбасы.<br>Біз кадам жасап, келеміз: Топ - топ - топ, Топ - топ - топ (бір орында адымдау, аякты топылдату)<br>Біз үлкенбіз, өсіп келеміз: Алақанды соғайық, Алақанды соғайық (бастан жоғары шапалақ ұру) | Көркемсөз «Менің отбасым»<br>Аскар тау әкем жағам бар,<br>Ардақты менің анам бар, Әжем мен атам – байлығым<br>Отбасым осы карандар.<br>Менің атым - Алан.<br>Үлкен ағам - Ақылбек.<br>Кіші інім - Асылбек.<br>Қарындасым - Дана.<br>Өлеңді оқу барысында педагог | Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданатын туыстық қатынаска байланысты сөздерді дұрыс айтуын кадағалау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Аяқтың ұшына тұрайық, Былай, былай, Былай, былай. (аяқтың ұшына тұрып, қолдарын жоғары созу)<br>Саңырауқұлақтардай отырайық. Былай, былай, Былай, былай. (тізе бүгіп, жүресінен отыру)<br>- Жарайсыңдар! Данамен жақсы ойнадыңдар.<br>**Артикуляциялық жаттығулар. [а], [ә] дауысты дыбыстары. Жуан және жіңішке түбір сөздермен танысу**<br>Менің соңымнан қайталаймыз:– А-а-а- Апа – ата, Ақан – Асан, табан – шапан, алақай – малақай, асқабақ. – Біз осы сөздерде қандай дауысты дыбыстарды жиі айттық? (Жуан дауысты [а] (артикуляцияны көрсету). Менің соңымнан қайталаймыз. Менің соңымнан қайталаймыз: – Әже – әке, Әсет – Әнел, бәсе – пәле, сәлем – тәлім, әскере. – Біз сөзде қандай дауысты дыбыстарды айттық? (Жіңішке дауысты [ә])<br>Бірнеше балаға жеке қайталату, ауыз қуысы мүшелерінің қалыптарын қадағалау.<br>**Көркемсөз. «Менің отбасым».**<br>Асқар тау әкем жағам бар, Ардақты менің анам бар, Әжем мен атам – байлығым Отбасым осы қараңдар. Менің атым - Алан. Үлкен ағам - Ақылбек. Кіші інім - Асылбек. Қарындасым - Дана. Өлеңді оқу барысында педагог балалар өзі атаған отбасы мүшесінің суретін нұсқап отырады.<br>**Күтілетін нәтиже:** балалар құрдастарымен еркін қарым-қатынасқа түседі. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді дұрыс айтады. | балалар өзі атаған отбасы мүшесінің суретін нұсқап отырады. | |
| **Жұма 16.09.2022ж.** «Балбөбек» ортаңғы тобы | **Ғажайып мамандықтар.**<br>Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!». Таңғажайып сәт.<br>Педагог Аланның суретін көрсетеді.<br>**Жұмбақ.** Дәрігер бізді емдейді, Жанға шипа іздейді. Санаға ақыл құяды,Мұғалімді ел сыйлайды. Ашыққанды тойдырар,Аспаздай маман жоқ шығар.<br>(Мамандықтар.)Демонстрациялық сурет: мамандықтар.<br>**Суреттер бойынша сөздік жұмыс. «Мамандықтар».**<br>**Мнемокесте негізінде әртүрлі құрылымды сөйлем модельдеу жаттығуы. «Кім, не істейді?»**<br>Педагог балалардың алдына әртүрлі сөздер санынан тұратын сөйлем құрау сызбаларын іледі.<br>Мамандықтар туралы сөйлем құрауға мнемокесте сызбалары: - бірінші жол - бір торкөз;- екінші жол - екі торкөз;- үшінші жол - үш торкөз. Бос торкөздерге орналастыру үшін бөлек мнемокарточкалар дайындалады:- «дәрігер», «емдейді», «балалар»;- «аспаз», «дайындайды», «салат»;- «шаштараз», «қияды», «балалар», «шашын»;- «құрылысшы», | Мнемокесте негізінде әртүрлі құрылымды сөйлем модельдеу жаттығуы. «Кім, не істейді?»<br>Педагог балалардың алдына әртүрлі сөздер санынан тұратын сөйлем құрау сызбаларын іледі. | Мамандықтардың атауларын қайталатып, диалог құру, тақпақтар жаттату, сурет салу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | «салады», «үй»;- «суретші», «салады», «сурет». Педагог балалардың бірін шақырады. Әңгіме құрау үлгісін көрсетеді. Балалар сөздерді үлгі бойынша дұрыс айтқаннан кейін, педагог ырғақты әуенді қосып, балаларға ашық кеңістікте еркін қозғалуға мүмкіндік береді.<br>Мамандықтарды атау барысында бағыттау үшін, педагог сәйкес карточканы көрсетуі тиіс немесе педагог балалардың әрқайсына бір мамандық иелері бейнеленген карточкадан үлестіреді. Мамандық иелерін атаған сәтте, сол мамандық иесі бейнеленген карточкасы бар бала қолын көтереді. Диалогтарға арналған бос уақыт.<br>Педагог жұптарды аралап, бағыттаушы сұрақтар қояды. Сұрақ қоюға, жауап беруге көмектеседі. Әдептілік ережесі, диалог құру, белсенділігіне, сөйлемді дұрыс құрауына көңіл аударады.<br>**Материалды бекіту және қорытындылау.** (Дәрігер, аспаз, мұғалім, суретші, шаштараз, құрылысшы.)<br>(Мамандықтар.) Мадақтау.<br>**Күтілетін нәтиже:** балалардың ұғымындағы мамандықтар, олардың кәсіптік ерекшеліктері мен қызметі туралы түсініктері кеңейеді. Балалар бірнеше мамандық иелері қолданатын құрал-жабдықтар арқылы ажыратуды және атауды үйренеді; диалог сөйлеуге жаттығады; еске сақтайды, ойлау қабілеттері, көру және есту арқылы қабылдаулары, қатынастық дағылыры дамиды. Ұйымшылдыққа, әдептілікке, түрлі мамандық иелерін құрметпен карауға тәрбиеленеді. | | |

Тексерілді: [signature]
Әдіскер А.К.Керуенбаева

**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: МКҚК «Балапан» МДҰ
**Топ:** «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** : 3-4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі** 26-30қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы

| Апта күні | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Баламен жеке жұмыс | Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы |
|---|---|---|---|
| **Жұма 30.09.2022ж.** «Балбөбек» ортаңғы тобы | **Менің жанұям мен туыстарым.**<br>**Шаттық шеңбері.**<br>«Біз көңілді баламыз!» Күнмен бірге оянамыз, Құстармен бірге ән саламыз. Қайырлы таң, қайырлы күн! Дейміз біз, күлімдейміз. Мен, мен, мен ақылды баламын! Мен сүйкімді баламын! Менің достарым көп, мен достарымды жақсы көремін!<br>**Артикуляциялық жаттығулар.**<br>Ән-ән-ән. Қамба толы дән. Әжем айтқан ән. Құрып жүргін сән.<br>**Көркемсөз. Қадыр Мырза Әли «Ана тілің – арың бұл».**<br>Ана тілің біліп қой, Еркіндігің, теңдігің. Ана тілің біліп қой, Мақтанышың, елдігің. Ана тілің – арың бұл, Ұятың боп тұр бетте Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте!<br>- Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын, жауабын тауып көріңдер. Ертегі айтып береді.<br>Сені жақсы көреді. Мейірімді бұл кісі. Қандай ғажап күлкісі. (Әже.)<br>**«Кім шапшаң?» ойыны.**<br>Педагог: - Балалар, мен сөздерді айтып тұрамын, ал сендер сөз ішінде [-ә] дыбысын естігенде қол шапалақтаңдар.<br>- Әділет, адам, дәрі, доп, әтеш, ине, сәби,<br>- Дина, әже, сәбіз, дәрігер.<br>**Сергіту сәті.**<br>Жолдарына үңіліп, Екі бақа жүгіріп, Секіреді, бақ-бақ, Ағаштарды аттап.<br>Олар ерте тұрады, Беті-қолын жуады. Оңға-солға шайқалып, Бақылдайды ән салып. | Сурет бойынша жұмыс.<br>Суретті карточкалар: бала - бақша, отбасы, ата, әже, әке, ана, аға, бауыр, іні, қарындас, сіңлі.<br>Мнемокарточкалар: әке, ана, ата, әже, аға, апай (әпке), отбасы. | Көркемсөз. Қадыр Мырза Әли «Ана тілің – арың бұл».<br>Ана тілің біліп қой, Еркіндігің, теңдігің. Ана тілің біліп қой, Мақтанышың, елдігің.<br>Ана тілің – арың бұл, Ұятың боп тұр бетте Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте! |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Судан шіркей табады, Өсіп үлкен болады. Бақ-бақ, нақ-нақ, Біздер айттық таклак.<br>**Сурет бойынша жұмыс.**<br>**Суретті карточкалар:** балабақша, отбасы, ата, әже, әке, ана, аға, бауыр, іні, карындас, сіңлі.<br>**Мнемокарточкалар:** әке, ана, ата, әже, аға, апай (әпке), отбасы.<br>**Санамақ айту, саусақ жаттығуы**<br>Балаларға «Бесік жырын» айтып беремін.<br>Әлди-әлди, бөпешім, Әлпештейтін көкешім. Тербетейін жата ғой,<br>Тәтті ұйқыға бата ғой.<br>Балалардан өлең жолдарынан Ә дыбысы бар қандай сөздерді естігендерін сұрау.<br>Ә дыбысы бар сөздерді айтып береді. ҚОРЫТЫНДЫ<br>**Тақырыпты бекіту және қорытындылау.**<br>**Күтілетін нәтиже:** балаларға отбасы мүшелері туралы түсінік беру; күнделікті жиі кездесетін туыстық қатынасқа байланысты «аға», «әпке» сөздері, отбасы, туыстық қатынас туралы түсініктерін дамыту; Балаларға сөзді тыңдауды, түсінуді, отбасы мүшелері мен туыстық атауларды білдіретін барлық сөздерді дұрыс дыбыстауды, мнемокесте бойынша сөз тіркестерін құрастыруды үйрету. | | |
| **Жұма**<br>**30.09.2022ж.**<br>«Балдырған» ересек тобы | **Қазақстан – менің Отаным, мемлекеттік рәміздер.**<br>**«Кел, сәлемдесейік!» жаттығуы.** Аудиотаспадан Қазақстан Республикасының Меклекеттік Әнұраны қосылады. Педагог пен балалар оң қолдарын жүрек тұсына қояды. Әнұранды тыңдайды. Бірінші шумағын айтады. Біз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындадық. Әнұран - мемлекеттің рәмізі ретінде қабылданған салтанатты ән. Біздің Отанымыз - Қазақстан.<br>**Таңғажайып сәт.** Педагог Алан мен достары қонаққа келгенін көрсетеді. Оларды елімізбен таныстырады.<br>**Бейнеролик көрсету.** Педагог Қазақстан оның рәміздері, ландшафты туралы бейнеролик көрсетеді. Қазақстан туралы бейнеролик. **Көркемсөз.** Д. Әбілев «Қазақстан - Республикам менің». Әйнегі - күн, шатыры - аспан,<br>Кең дала ... Төсі толған егін. Көлдері күміс шашқан, Қазақстан - Республикам менің!<br>**Сурет бойынша әңгімелесу. Мнемокарточкалар негізінде сөздік жұмыс «Қазақстан жайында...»**<br>Тапсырманы ұйымдастыру үшін педагог мнемокарточка бөлімдерін әзірлейді. (Мемлекеттік рәміздердің элементтері мен өзге елдердің таңбасының элементтерімен қоса.) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туындағы бейнелер бойынша мнемокарточкалар:- күн;- бүркіт;- ою-өрнектер;<br>- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасындағы бейнелер бойынша | Сурет бойынша әңгімелесу. Мнемокарточка-лар негізінде сөздік жұмыс «Қазақстан жайында...» Тапсырманы ұйымдастыру үшін педагог мнемокарточка бөлімдерін әзірлейді.:- күн;- бүркіт;- ою-өрнектер;<br>-шаңырақ;<br>- таңба тектес аю;- таңба тектес садақ | Көркемсөз. Д. Әбілев «Қазақстан - Республикам менің».<br>Әйнегі - күн, шатыры - аспан, Кең дала ... Төсі толған егін. Көлдері күміс шашқан, Қазақстан - Республикам менің!(жаттау) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мнемокарточкалар:- шаңырақ;<br>- таңба тектес аю;- таңба тектес садақ пен жебе;- таңба тектес теңіздегі шағала;- таңба тектес түйе.<br>**Мәтінді мәнерлеп оқу «Көрікті Қазақстан».**Педагог аудиотаспадан орташа ырғақты әуенді қосады. Педагог суреттерді көрсете отырып, балаларға керекті жолдарды бірге айтуды ұсынады. Біздің даламыз - жазық. - Біздің таулар - биік. Біздің өзендер - ағысты. Теңіздеріміз - балықты. Шөлдеріміз - ыстық. Күніміз - нұрлы. Орман-тоғайларымыз жап-жасыл. Міне, Қазақстан осындай тамаша ел!<br>**Мәнерлеп оқуға арналған сөзді-ырғақты жаттығу. «Көрікті Қазақстан».**Педагог аудиотаспадан орташа ырғақты әуенді қосады. Біздің даламыз - жазық, (қолды екі жаққа сермеу) Біздің тауларымыз - биік, (қолды жоғары көтеру) Біздің өзендеріміз - ағысты, (қолдармен толқын жасау) Теңіздеріміз - балықты. (қолмен жүзу) Шөлдеріміз - ыстық (қолды жоғары көтеру) Күніміз - нұрлы, (қолмен дөңгелек жасау) Орман мен тоғайларымыз жап-жасыл, (орнында айналу)<br>Міне, Қазақстан осындай тамаша ел! (қол шапалақтау)<br>**Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу «Еске сақта».**<br>«Өз елің - алтын бесігің» - Қане, жаттап алайық. Үйлеріңе барғанда айтып бересіңдер.<br>**Материалды бекіту және қорытындылау.**<br>**Күтілетін нәтиже:** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері туралы балалардың білімдері қалыптасады; Отан, туған жер туралы түсініктерін меңгереді; Қазақстан туралы өлеңмен танысады; кіші отан, туған өлке туралы түсініктерінің қалыптасуына ықпал жасалады. | пен жебе;- таңба тектес теңіздегі шағала;- таңба тектес түйе. | |